«BASTAU region-12»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жанаозен қ.

Шығыс: 13.02.2026 №050

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 44
«Шаттық» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны басшысына

BASTAU region-12 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 44 «Шаттық» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жариялаған **№15933148-1** конкурсы бойынша келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы (әрі қарай – Қағида) Қағиданың 64-тармағы ***«Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды.»*** деп жазылған.

8-қосымшада азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары:

3-тармағы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес **<u>мамандандырылған көліктің</u>** *(специализированного транспорта соответствующего требованиям Санитарных правил)* бар болуына арналған құжаттар (автокөліктің техникалық сипаттамаларын, автокөлікке техникалық паспорттың мәліметтерін (№, берілген күні, автокөліктің маркасы, автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі), эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама ұсынылған кезде тиісті балл қойылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қаңтарда № 22066 болып тіркелді. «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының, **2-параграф. Автомобиль көлігі құралымен тез бұзылатын тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.**

394-тармағында; Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдау кезінде температуралық режимді сақтау мақсатында изотермиялық автокөліктер, **рефрижераторлар**, автотермостар, термос цистерналар пайдаланылады. – деп ашық және айқын жазылған.

Алайда, ЖК «Дәулет» **806ABW12**, «BEKONS» ЖШС **358AY12** әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық құжаттамаға, яғни азық-түлік тасымалдау көліктері **тез бұзылатын тамақ өнімдерін** тасымалдауға арналмаған, себебі автокөліктері **рефрижератормен** қамтылмаған. Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде қатаң қойылатын санитариялық талаптар сәйкестігін растамайды. Яғни, ЖК «Дәулет» және «BEKONS» ЖШС тез бұзылатын тамақ өнімдеріне лоттарына берген өтінімдері бойынша автокөлікке берілген **3 балл** негізсіз деп есептейді.

Рефрижератор — бұл тез бұзылатын өнімдерді төмен температурада тасымалдауға арналған арнайы тоңазытқыш қондырғысы бар көлік немесе контейнер.

Қайда қолданылады

- Ет, балық, сүт өнімдерін тасымалдау
- Көкөніс пен жеміс-жидек жеткізу
- Дәрі-дәрмек пен вакциналарды тасымалдау
- Мұздатылған тағам өнімдерін жеткізу

Сонымен қатар жоғарыда аталған Заң талаптарын басшылыққа алып конкурс қорытындысын қайта қарап беруіңізді сұрайды.

Қосымша: дәлелдеме құжаттар

Директор **Чанбаева Ж.Т.**